

ӘӨЖ 373.3

DOI 10.56525/PKGZ6243

БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕГІ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУШЫ КЕҢІСТІКТІҢ МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ

Таласбаева А., Утешкалиева А.М.

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан
e-mail: aigul_bekbol@mail.ru

Аңдатпа. Бүгінгі таңда Қазақстандағы білім беру жүйесін реформалау аясында бастауыш мектеп оқушыларының денсаулығын сақтау және нығайту мәселесі ерекше өзекті болып отыр. Зерттеуде бастауыш мектеп кезеңіндегі балалардың психологиялық және физикалық бейімделу ерекшеліктері қарастырылды.

Ғылыми әдебиеттерді талдау барысында мектептегі денсаулыққа әсер ететін негізгі факторлар: оқу мен демалыстың дұрыс ұйымдастырылмауы, дене белсенділігінің төмендігі, дұрыс тамақтанбау, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталмауы, педагогтардың валеологиялық дайындығының жеткіліксіздігі және ата-аналармен бірлескен жұмыстың шектеулігі екені анықталды. Денсаулық сақтау кеңістігі оқушылардың жан-жақты дамуы мен үйлесімді тұлға қалыптастыруына ықпал ететін орта ретінде сипатталады.

Зерттеуде педагогикалық, психологиялық және медициналық-әлеуметтік аспектілердің интеграциясы маңызды деп танылды. Бастауыш мектептегі денсаулық сақтау кеңістігін ұйымдастыру тиімділігін арттыру үшін инновациялық бағдарламалар мен жобаларды қолдану, дене шынықтыру мен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру, оқу үдерісінде денсаулық мәдениетін қалыптастыру ұсынылады.

Сонымен қатар, оқушылардың жүйке-психологиялық шиеленісін төмендету, салауатты өмір салтын үйрету және педагогтардың кәсіби денсаулығын қолдау шаралары да қарастырылды. Зерттеу қорытындысы бойынша, денсаулық сақтау кеңістігі оқушылардың физикалық және психикалық дамуын, эмоционалды әл-ауқатын қамтамасыз ететін, салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған кешенді жүйе болып табылады.

Бұл шаралар оқушылардың оқуға бейімделуін, өзін-өзі басқару қабілеттерін дамытуын және қоғамдағы үйлесімді тұлға ретінде қалыптасуын қамтамасыз етеді. Зерттеу нәтижелері білім беру ұйымдарында денсаулықты сақтау ортасын ұйымдастырудың педагогикалық және әдістемелік негіздерін практикалық тұрғыда қолдануға мүмкіндік береді. Білім беру жүйесіндегі денсаулық сақтау кеңістігі тек оқушылардың денсаулығын қорғаумен шектелмей, олардың танымдық және әлеуметтік қабілеттерін арттыруға ықпал етеді. Мақалада бастауыш мектептегі денсаулық сақтау кеңістігінің мәні мен мазмұны, ұйымдастырушылық шарттары және педагогикалық тәсілдері жан-жақты қарастырылған.

Түйін сөздер. Бастауыш мектеп, физикалық даму, психикалық даму, әлеуметтік саулық, салауатты өмір салты, педагогикалық шаралар, дене белсенділігі, инновациялық бағдарламалар.

Кіріспе

Қазіргі кезеңде Қазақстандық білім беру жүйесін реформалаудың жаңа кезеңіндегі басым міндеттердің бірі – өскелең ұрпақтың денсаулығын сақтау мен нығайту, оларда денсаулықтың, салауатты өмір салтының құндылығын қалыптастыру, жас ерекшеліктеріне сай білім беру технологияларын таңдау арқылы артық жүктемелерді болдырмау және денсаулықты сақтау болып табылады.

Қоғам дамуының қазіргі жағдайында халық денсаулығының күрт төмендеуі байқалады. Кез келген мемлекеттің өркендеуіне білім мен экономика сапасы тікелей әсер етеді. Ал халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасына демографиялық көрсеткіштер — туу, өлім-жітім,

балалар өлімі, өмір сүру ұзақтығы, ауру-сырқаудың өсу деңгейі, балалардың физикалық дамуы, тұрмыс және өмір салты, әлеуметтік жағдайлар әсер етеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) деректері бойынша, Қазақстанда 5 жасқа дейінгі балалардың денсаулығына басты қауіп төндіретін факторлар — балаға жеткіліксіз қамқорлық және ата-аналардың қауіп белгілері мен қауіп факторлары жөніндегі білімінің төмендігі. Балалар өлімінің сыртқы себептері арасында жарақаттар, суға кету және кездейсоқ тұншығулар басым. Тек 14% бала ғана іс жүзінде сау, 50% функционалдық ауытқулары бар, ал 35–40% созылмалы ауруларға шалдыққан. Мектеп жасындағы балалар арасында артық салмақ, асқазан-ішек жолдары аурулары (24%), көру қабілетінің бұзылуы, қозғалыс белсенділігінің аздығы мен дұрыс тамақтанбаудың салдарынан жиілеп отыр. Сонымен қатар, жасөспірімдер арасындағы суицид те маңызды әлеуметтік мәселе болып отыр. Бұл деректер оқушылардың айтарлықтай оқу жүктемесіне ұшырайтынын көрсетеді. 1-сынып оқушыларының шамамен үштен бірі ғана толық бейімделген және дені сау болса, 6-сыныпқа қарай бұл көрсеткіш 22%-ға дейін төмендейді [1]. Бұл жағдай тек мектептегі факторларға ғана емес, сонымен қатар отбасындағы өмір салты мен әлеуметтік жағдайға да байланысты.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі білім беру мазмұнын жаңғыртуды көздейді. Бұл — тек білім, білік және дағдыларды меңгерумен шектелмей, тұлғаның жан-жақты дамуы мен танымдық қабілеттерін арттыруды қамтиды. Білім сапасы «денсаулық» категориясымен тікелей байланысты, яғни физикалық, психикалық және әлеуметтік саулықтың үйлесімді бірлігін қамтамасыз ету қажет.

Ғалымдардың (гигиенистер, физиологтар, педагогтар, психологтар) зерттеулері бойынша оқушылардың денсаулығына кері әсер ететін негізгі мектепшілік және әлеуметтік факторлар бар: оқу мен демалыстың дұрыс ұйымдастырылмауы, дене белсенділігінің аздығы, дұрыс тамақтанбау, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталмауы, педагогтардың валеологиялық білімінің төмендігі, ата-аналармен және оқушылармен жүйелі жұмыстың жеткіліксіздігі және т.б.

Денсаулық сақтау кеңістігін зерттеу мәселесі педагогикалық білім беру саласында ұзақ уақыт бойы өзекті болып келеді. Зерттеліп отырған проблемаға арналған ғылыми-педагогикалық әдебиеттерді талдай отырып, «денсаулық сақтау кеңістігі» термині көбінесе Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған «денсаулық» түсінігіндегі анықтамаға сүйенеді және оны «физикалық, психикалық және әлеуметтік толыққанды саулық жағдайы» деп түсінеді.

Денсаулық сақтау ортасын ұйымдастыру мәселесі әлеуметтану, медицина және педагогикалық зерттеулерде қарастырылады. Бұл саладағы белгілі ғалымдар: Н.А. Амосов, И.И. Брехман, Э.П. Вайнер, Н.П. Лисицин. Денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастырудың педагогикалық және әдістемелік негіздері В.В. Колбанов [2], Г.К. Зайцевтің [3] еңбектерінде көрсетілген. Ал білім беру ұйымдарында денсаулық сақтау кеңістігін қалыптастырудың ғылыми негіздерін зерттеу отандық ғалымдар Х.К. Сатпаева [4], А.С. Иманғалиев [5], бастауыш сынып оқушыларының денсаулық сақтау білімін А.М.Утешкалиева [6] және басқалардың еңбектерінде кеңінен қарастырылған.

Қазіргі педагогикалық әдебиетте «денсаулық сақтау» термині білім беру процесіне қатысушылардың денсаулығын сақтауға және жақсартуға бағытталған шаралар жүйесі ретінде қарастырылады, ол денсаулық сақтау технологияларын қолдануды қамтиды. Денсаулық сақтаудың мәселелері Смирнова Н.К., Сонькина В.Д., Белова И.В., Касаткин В.Н., Тюмасева З.И. және басқалардың еңбектерінде ашып көрсетілген.

Білім беру ұйымындағы «денсаулық сақтайтын кеңістік» ұғымы В.В. Колбанов [7], Г.И. Тушин [8] авторларының анықтамасында басқарушылық, ұйымдастырушылық және оқу жағдайларының жиынтығы ретінде қарастырылады, ол мектеп оқушыларының әлеуметтік, физикалық және психикалық денсаулығын қалыптастыруға, нығайтуға және сақтауға, сондай-ақ психологиялық-педагогикалық және медициналық-физиологиялық әдістер мен құралдар негізінде бейімделуіне бағытталған.

Т.Ф. Акбашевтің [9] еңбектерінде «денсаулықты қалыптастырудың табиғи ортасы – білім беру мекемелері желісі» екені атап көрсетілген. Л.Б. Дыхан [10] денсаулық сақтайтын ортаның құрылымын сипаттайды, ал Прищепа И.М., Кунцевич Е.А., Дударев А.Н. авторларының ойынша, мектептегі денсаулық сақтау кеңістігінің мақсаты мен нәтижесі – оқушы тұлғасының денсаулығын тұрақтандыру және сақтауға бағытталған келісілген әрі болжамды шараларды жүзеге асыру, сау өмір салтын қалыптастыру дағдыларын және денсаулық мәдениетін дамыту, оқушының өсуі мен қоғамдағы дамуы жолында.

Біздің зерттеуде бастауыш мектептегі денсаулық сақтау кеңістігінің мәні мен мазмұны балалардың толыққанды физикалық және психикалық дамуын қамтамасыз ету, эмоционалды әл-ауқатын қалыптастыру арқылы жасөспірімнің жан-жақты дамыған үйлесімді тұлғасын қалыптастыру деп қарастырылады (сурет 1).

Бастауыш мектеп кезеңі — баланың мектепке психологиялық және әлеуметтік бейімделу кезеңі. Бұл жастағы балалар қоршаған орта әсеріне өте сезімтал келеді. Сондықтан мектеп кеңістігі — оқушылардың физикалық және психикалық дамуына әсер ететін маңызды орта.

Білім беру ұйымдарында денсаулық сақтау ортасын қалыптастыру — оқыту мен тәрбиелеудің оңтайлы гигиеналық жағдайларын қамтамасыз етудің, салауатты өмір салты мен денсаулық мәдениетін қалыптастырудың басты шарты.

Денсаулық сақтау кеңістігінің мәні — тұлғаның физикалық, психикалық және әлеуметтік саулығын қамтамасыз етуге бағытталған басқарушылық, ұйымдастырушылық және тәрбиелік шаралардың жиынтығы.

Бастауыш мектеп жасы — қозғалыс белсенділігін, гигиеналық дағдыларды және дені сау болуға деген ұмтылысты қалыптастыруға ең қолайлы кезең. Алайда қазіргі балалардың физикалық дайындығы төмен, еңбекке қабілеттілігі шектеулі, назары тұрақсыз, тез шаршайды. Бұл олардың бейімделу мүмкіндігін азайтады.

Біздің зерттеуімізде білім беру ұйымындағы денсаулық сақтау кеңістігін қамтамасыз етудің тиімділігі бірқатар ұйымдастырушылық және басқарушылық шарттардың жиынтығы ретінде қарастырылады, атап айтқанда:

➤ кез келген білім беру ұйымында денсаулықты сақтайтын білім беру кеңістігін құру, ол оқу үдерісінде тұлғаның физиологиялық, психикалық функциялары мен мінез-құлықтық реакцияларының барынша тиімділігін қамтамасыз етумен көрініс табады.

➤ педагогикалық кеңістік субъектілерінде өзін-өзі дамыту, өзін-өзі тану, өзін-өзі бақылау және өзін-өзі басқару арқылы денсаулық мәдениеті мен салауатты өмір салтына мотивацияны арттыру.

➤ салауатты және қауіпсіз өмір салтына оқытудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету.

➤ оқушылар мен тәрбиеленушілердің әртүрлі топтарына психологиялық-педагогикалық және медициналық-әлеуметтік қолдау көрсетудің кешенді тәсілін қолдану.

➤ денсаулық мәдениеті мен салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған оқу-тәрбие үдерісін тиімді ұйымдастыру (инновациялық формалар мен әдістерді пайдалана отырып бағдарламалар мен жобаларды іске асыру).

➤ оқушылардың жүйке-психологиялық шиеленісін төмендету және шаршауын азайту мақсатында дене шынықтыру-сауықтыру, емдік дене шынықтыру және спорттық-бұқаралық жұмыстарды ұйымдастыру.

➤ салауатты және қауіпсіз өмір салты мәселелері бойынша әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру.

➤ білім беру ұйымында санитарлық-гигиеналық жағдайларды, дұрыс тамақтану мен қозғалыс тәртібін қамтамасыз ету, оқушыларды гигиеналық тұрғыда оқыту және оқу жүктемесін ұтымды бөлу.

➤ педагогтардың кәсіби қызмет барысында денсаулығын әлеуметтік-психологиялық тұрғыда қолдау.

Аталған шарттарды кешенді түрде ескеру жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.



Сурет 1. Бастауыш мектептегі денсаулықты сақтаушы ортаның мәні мен мазмұны

Қорытынды. Денсаулықты басқарудың ерекшелігі мен түпкі нәтижесі - кері байланыстың инерциялылығында. Яғни, адамның өзі өз денсаулығының зерттеушісі де, оны басқарушысы да бола алады. Білім беру ұйымында жеке тұлғаның денсаулығы мен өмір салтын жетілдіру жұмыстары педагогтар, психологтар, тәрбиешілер және ата-аналар тарапынан бірлесе жүргізіледі. Бұл жұмыс адамның жеке қажеттіліктеріне негізделген ынтаны қалыптастыруға, сондай-ақ салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған білім мен дағдыларды меңгеруге мүмкіндік береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Государственная программа развития здравоохранения Республики Казахстан на 2020 – 2025 годы
2. Зайцев Г.К., Колбанов В.В. Стратегия понимания здорового образа жизни у учителей // Валеология: Диагностика, средства и практика обеспечения здоровья. Владивосток: Дальнаука, 1996. Вып.3, с 148-153.
3. Сатпаева Х.К., Валеология наука о здоровье. Учебно-методическое пособие. - Алматы: Гылым, 1999.-8с.

4. Имангалиев А.С. Развитие профессионально-валеологического образования. Поиск. 1998. №5, 135-136с.
5. Утешкалиева А.М. Формирования здорового образа жизни у младших школьников: монография - г. Атырау: издательство, 2020. – 138с.
6. Имангалиев А.С. Педагогическое проектирование валеологической ориентированной личности. Алматы, 1996. 18с.
7. Колбанов В.В. Валеология: основные понятия, термины и определения. - СПб.: Деан, 1998. С.23.-232с.
8. Тушина Г.И. Педагогические условия формирования здоровьесберегающей среды общеобразовательной школы: автореф. дис... канд. пед. наук. Кемерово, КГУ, 2005.
9. Акбашев Т.Ф. Педагогика здоровья: начало пути. - Павлодар: Международное движение «Образование ради выживания человека на Земле», 1995. - 114 с.
10. Дыхан Л. Б. Введение в анатомию центральной нервной системы: учебное пособие 2016.

СУЩНОСТЬ И СОДЕРЖАНИЕ МЕДИЦИНСКОГО ПРОСТРАНСТВА В НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЕ

Таласбаева А., Утешкалиева А.М.

Атырауский университет им. Х. Досмухамедова, Атырау, Казахстан
e-mail: aigul_bekbol@mail.ru

Аннотация. На сегодняшний день в рамках реформирования системы образования в Казахстане проблема сохранения и укрепления здоровья учащихся начальной школы приобретает особую актуальность. В исследовании рассматривались особенности психологической и физической адаптации детей в период начальной школы.

В ходе анализа научной литературы установлено, что основными факторами, влияющими на здоровье в школе, являются: неправильная организация учебы и отдыха, низкая физическая активность, неправильное питание, несоблюдение санитарно-гигиенических требований, недостаточная валеологическая подготовка педагогов и ограниченность совместной работы с родителями. Здоровьесберегающее пространство характеризуется как среда, способствующая всестороннему развитию и формированию гармоничной личности учащихся.

В исследовании была признана важной интеграция педагогических, психологических и медико-социальных аспектов. Для повышения эффективности организации здоровьесберегающего пространства в начальной школе предлагается использование инновационных программ и проектов, организация физкультурно-спортивных мероприятий, формирование культуры здоровья в учебном процессе.

Также были рассмотрены меры по снижению нервно-психологического напряжения учащихся, обучению здоровому образу жизни и поддержке профессионального здоровья педагогов. По итогам исследования, здоровьесберегающее пространство представляет собой комплексную систему, направленную на формирование здорового образа жизни, обеспечивающую физическое и психическое развитие, эмоциональное благополучие учащихся.

Эти меры обеспечивают адаптацию учащихся к обучению, развитие навыков самоуправления и формирование гармоничной личности в обществе. Результаты исследования позволяют применять педагогические и методические основы организации здоровьесберегающей среды в образовательных организациях в практическом плане. Здоровьесберегающее пространство в системе образования способствует не только защите здоровья учащихся, но и повышению их познавательных и социальных способностей. В статье

подробно рассматриваются сущность и содержание, организационные условия и педагогические подходы к здоровьесберегающему пространству в начальной школе.

Ключевые слова. Начальная школа, физическое развитие, психическое развитие, социальное благополучие, здоровый образ жизни, педагогические мероприятия, физическая активность, инновационные программы.

THE MEANING AND CONTENT OF THE PRIMARY SCHOOL HEALTH CARE SPACE

Talabayeva A., Uteshkalieva A.

Atyrau University named after H. Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan

e-mail: aigul_bekbol@mail.ru

Annotation. Today, as part of the reform of the education system in Kazakhstan, the problem of maintaining and strengthening the health of primary school students is becoming particularly relevant. The study examined the features of psychological and physical adaptation of children during primary school.

The analysis of scientific literature revealed that the main factors affecting school health are: improper organization of study and recreation, low physical activity, poor nutrition, non-compliance with sanitary and hygienic requirements, insufficient vocational training of teachers and limited collaboration with parents. The health-saving space is characterized as an environment conducive to the comprehensive development and formation of a harmonious personality of students.

The study recognized the importance of integrating pedagogical, psychological, and medico-social aspects. To increase the effectiveness of the organization of a health-saving space in primary schools, it is proposed to use innovative programs and projects, organize physical culture and sports events, and form a culture of health in the educational process.

Measures to reduce the nervous and psychological stress of students, teach a healthy lifestyle and support the professional health of teachers were also considered. According to the results of the study, the health-saving space is a comprehensive system aimed at forming a healthy lifestyle that ensures the physical and mental development and emotional well-being of students.

These measures ensure the adaptation of students to learning, the development of self-management skills and the formation of a harmonious personality in society. The results of the study make it possible to apply the pedagogical and methodological foundations of the organization of a health-saving environment in educational organizations in practical terms. The health-saving space in the education system contributes not only to protecting the health of students, but also to improving their cognitive and social abilities. The article examines in detail the essence and content, organizational conditions and pedagogical approaches to the health-saving space in primary schools.

Keywords. Primary school, physical development, mental development, social well-being, healthy lifestyle, educational activities, physical activity, innovative programs.